

Халықаралық шарттардың жобаларына салық сараптамасы туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің 1995 жылғы 20 қарашадағы N 468-р өкімі

Қазақстан Республикасының экономикалық мүдделерін қамтамасыз ету және жасалатын халықаралық, үкіметаралық шарттар мен келісімдердің бірыңғай басымдық саясатын жүргізу мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Бас салық инспекциясында салық реттеу мәселелері бар Қазақстан Республикасы жасаған барлық халықаралық, үкіметаралық келісімдер мен шарттар жобаларында міндетті түрде салық сараптамасы белгіленсін.

2. Сыртқы істер министрлігі Әділет министрлігімен бірлесіп халықаралық, үкіметаралық шарттар мен келісімдерді әзірлеу кезінде мемлекеттің атынан өкілдік етуге өкілетті лауазымды адамдарды айқындау бөлігінде халықаралық, үкіметаралық шарттар мен келісімдерді жасау процедурасы жөнінде түсініктеме дайындасын және оны барлық мүдделі министрліктер мен ведомстволардың назарына жеткізсін.

3. Осы өкімнің орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппараты Қаржы, еңбек және ақша айналысы бөліміне жүктелсін.

Премьер - министр